

# АПТАЛЫҚ ШОЛУ

2026 жылғы 15 – 19 маусым



## 2026 жылғы 15 – 19 маусым

### Аптаның негізгі тақырыптары

01



Қысқаша түйін

02



АҚШ: ФРЖ, тұтыну және тұрғын үй нарығы

03



Дамушы нарықтар анағұрлым күшті динамика көрсетті

**Қысқаша түйін.** Жаһандық нарықтар ФРЖ тарапынан қатаңдау белгіге және сақталып отырған инфляциялық тәуекелдерге қарамастан, аптаны өсіммен аяқтады. АҚШ пен Иранның арасындағы келіссөздердегі ілгерілеуден кейін мұнай бағасының төмендеуі, АҚШ-тағы тұтынушылық сұраныстың тұрақтылығы және технологиялық секторға деген қызығушылықтың сақталуы акцияларға қолдау көрсетті. Бұл ретте нарықтардағы динамика біркелкі болған жоқ: дамушы нарықтар дамыған нарықтардан айтарлықтай басып озды, ал Гонконг, Бразилия және Қазақстанды қоса алғанда, кейбір алаңдар төмен көрсеткішпен жабылды.

## Аптадағы негізгі бақылаулар

- ФРЖ мөлшерлемені 3,50-3,75% диапазонында сақтап қалды, алайда жаңартылған болжамдар мен Кевин Уорштың алғашқы баспасөз мәслихаты нарық тарапынан қатаңдау сигнал ретінде қабылданды: комитет мүшелерінің бір бөлігі жыл соңына дейін мөлшерлемені көтеру мүмкіндігін жоққа шығармайды.
- Америкалық акциялар өсті: S&P 500 индексі 0,93%-ға, Dow Jones 0,71%-ға, NASDAQ 2,43%-ға көтерілді. Өсімге технологиялық сектор мен ұзақмерзімді облигациялар кірістіліктің төмендеуі қолдау көрсетті.
- Дамушы нарықтар ең күшті динамика көрсетті: MSCI EM 7,54%-ға, CSI 300 3,44%-ға, Borsa Istanbul 5,71%-ға өсті. Сонымен бірге Hang Seng 3,21%-ға, ал Bovespa 1,64%-ға төмендеді.
- Ұзақмерзімді облигациялардың кірістілігі сәл төмендеді: UST 10Y көрсеткіші 4,48%-дан 4,45%-ға, UST 30Y 4,97%-дан 4,90%-ға түсті. Қысқамерзімді мөлшерлемелер ФРЖ-ның қатаңдау саясатына қатысты күтулерге сезімтал болып қала береді.
- Шикізат тауарларының басым бөлігі арзандады: Brent мұнайы 5,46%-ға төмендеп, барреліне 78,44 долларды құрады, алтын 1,40%-ға, күміс 4,52%-ға арзандады. Мұнай бағасының төмендеуі инфляцияға қатысты алаңдаушылықтың бір бөлігін әлсіретті.
- Доллар нығайды: DXY индексі 1,10%-ға өсті. USD/KZT бағамы іс жүзінде өзгермей, 487,48 деңгейінде қалды, ал RUB/KZT 1,90%-ға төмендеді.

## Нарықтағы динамика

Акциялар мен индекстер	Деңгей	Бір аптада	Жыл басынан
S&P 500	7 501	+0,93%	+9,36%
Dow Jones	51 565	+0,71%	+6,58%
NASDAQ	26 518	+2,43%	+14,13%
Euro Stoxx 50	6 293	+1,71%	+7,57%
Nikkei 225	71 250	+7,92%	+41,54%
MSCI World	4 828	+0,82%	+8,97%
MSCI EM	1 790	+7,54%	+27,46%
KASE	7 724	-0,38%	+9,85%

МБҚ кірістілігі, шикізат пен валюта	Деңгей	Бір аптада	Жыл басынан
UST 10Y	4,45%	-3 б.п.	+26 б.п.
UST 30Y	4,90%	-7 б.п.	+3 б.п.
Germany 10Y	2,98%	-2 б.п.	+8 б.п.
Brent	78,44	-5,46%	+27,59%
Алтын	4 160	-1,40%	-3,93%
Күміс	64,93	-4,52%	-10,65%
DXU	100,85	+1,10%	+2,46%
USD/KZT	487,48	-0,08%	-3,93%

## **АҚШ: ФРЖ, тұтыну және тұрғын үй нарығы**

**ФРЖ мөлшерлемені өзгеріссіз қалдырды, бірақ реттеушінің коммуникациясы қатаңырақ сипат алды.** Жаңартылған болжамдарға сай комитеттің он сегіз мүшесінің тоғызы 2026 жылы кемінде бір рет мөлшерлемені көтеру мүмкіндігін қарастырды, ал тек бір қатысушы ғана мөлшерлеменің төмендеуін күтеді. Инфляция болжамдары да жоғары қарай қайта қаралды: жалпы PCE индексі 3,6%, базалық PCE 3,3% деңгейінде күтілуде. ФРЖ-ның қысқаша мәлімдемесі және мөлшерлемелердің алдағы траекториясы бойынша нақты бағдар беруден бас тартуы келесі шешімдерге қатысты белгісіздікті күшейтті.

**АҚШ-тың макроэкономикалық деректері аралас сипатта болды.** Мамыр айында бөлшек саудакөлемі айлық есеппен 0,9%-ға өсіп, нарық күткен нәтижеден жоғары болды. Ал ЖІӨ-ні есептеу кезінде пайдаланылатын бақылау тобының сатылымдары 0,7%-ға артты. Бұл тұтынушылық сұраныстың әлі де тұрақты екенін көрсетеді. Сонымен қатар тұрғын үй нарығындағы қысым сақталуда. Құрылысшылар сенімінің индексі 35 тармаққа дейін төмендеді, ал басталған тұрғын үй құрылыстарының саны жылдық мәнде 15,4%-ға азайып, 1,177 миллионға жетті. Ипотекалық мөлшерлемелердің жоғары болуы, құрылыс материалдарының қымбаттауы және тұрғын үйдің қолжетімділігінің төмендігі негізгі тежегіш факторлар болып қала береді.

## **Еуропа және Ұлыбритания**

**Еуропалық нарықтар аптаны өсіммен аяқтағанымен, макроэкономикалық жағдай біркелкі болмады.** Euro Stoxx 50 индексі 1,71%-ға, ал MSCI EAFE индексі 3,50%-ға өсті. Еуроаймақ сәуір айында 1 млрд еуро көлеміндегі сауда тапшылығына өтті. Бұл энергетикалық баланстың нашарлауымен және машина жасау мен көлік құралдары секторларындағы профициттің қысқаруымен байланысты болды. Германияда ZEW экономикалық күтулер индексі Таяу Шығыстағы қақтығыс басталғалы бері алғаш рет оң аймаққа қайта оралды.

**Англия Банкі базалық мөлшерлемені 3,75% деңгейінде сақтап қалды.** Ұлыбританиядағы инфляция мамыр айында 2,8% деңгейінде өзгеріссіз қалды.

## **Жапония және Қытай**

Жапонияда Жапония Банкі қысқамерзімді пайыздық мөлшерлемені 25 базистік тармаққа көтеріп, 1,00%-ға жеткізді. Бұл 1995 жылдан бергі қарыз алу құнының ең жоғары деңгейі болды. Шешім инфляциялық тәуекелдердің күшеюімен, иенаның әлсіреуімен және аса жұмсақ ақша-кредит саясатынан біртіндеп бас тартумен байланысты. Nikkei 225 индексі 7,92%-ға өсіп, жаңа тарихи максимумға жетті. Бұған жартылай өткізгіштер өндірісіне арналған жабдықтарға және технологиялық компанияларға сұраныстың артуы ықпал етті. Сонымен қатар USD/JPY бағамы 161,28 деңгейіне дейін көтеріліп, валюта нарығына билік тарапынан ықтимал араласу жөніндегі күтулерді күшейтті.

**Қытайдың экономикалық деректері сыртқы және ішкі сұраныс арасындағы айырмашылықтың сақталғанын растады.** Өнеркәсіптік өндіріс жылдан жылға 4,5%-ға өскенімен, бөлшек сауда 0,6%-ға төмендеп, 2022 жылдың соңынан бергі алғаш рет теріс нәтиже көрсетті. Қаңтар-мамыр аралығындағы негізгі капиталға инвестициялар 4,1%-ға қысқарды, ал жылжымайтын мүлік секторындағы инвестициялар жылдан жылға 16,2%-ға төмендеді. Осы жағдай аясында CSI 300 индексі 3,44%-ға өссе, Hang Seng Index 3,21%-ға төмендеді. Бұл инвесторлардың Қытайдың офшорлық активтеріне деген көзқарасының әлсіздеу екенін көрсетеді.

**Дамушы нарықтар жаһандық алаңдарда өсудің басты көзіне айналды.** MSCI Emerging Markets 7,54%-ды қосты, бұл MSCI World динамикасынан едәуір асып түсті. Өсімді Қытай, Тайвань, Оңтүстік Корея және Үндістан нарықтары қолдады, ал Бразилия инфляция мақсаттан жоғары болған кезде Selic ставкасының кезекті төмендеуіне инвесторлардың сақтық реакциясы кезінде төмендеді. Қазақстандық KASE индексі бір аптада 0,38%-ға төмендеді, бірақ жыл басынан бері 9,85% -ға оң жағында қалып отыр.

## Апта тақырыбы: қарқынды өсім көрсеткен акциялар сапалы компаниялардың акцияларынан озып келеді

Наурыз айындағы ең төменгі деңгейлерден кейін нарық көшбасшылары ең күшті баға динамикасы мен кірістің тұрақты өсімін көрсеткен компаниялар болды. Бұған дейін жоғары динамикадағы акциялар мен сапалы компаниялардың акциялары анағұрлым үйлесімді қозғалған еді, өйткені екі топ та кіріс болжамдарының жақсаруынан және экономиканың тұрақтылығынан пайда көрді. Соңғы апталарда инвесторлар табысы өсіп жатқан, болжамдары жоғары қарай қайта қаралып жатқан және маржасы тұрақты компанияларға көбірек көңіл бөлуде.

**Бұл үрдіс тек бағалау мультипликаторларының кеңеюімен ғана түсіндірілмейді.** Америкалық компаниялардың табысына қатысты күтулер жақсарып келеді: 2026 жылға арналған EPS өсімі бойынша консенсус-болжам жыл басындағы 13%-дан 22%-ға дейін көтерілді. Бірінші тоқсанда компаниялардың 85%-ы табыс бойынша күтілген нәтижеден асып түсті. Бұл – 2021 жылдан бергі ең жоғары көрсеткіш әрі ұзақмерзімді орташа деңгейден (73%) жоғары. Егер табыстың жақсаруы технологиялық сектордан тыс салаларға да тарала берсе, нарықтағы көшбасшылық біртіндеп кеңірек сипат алуы мүмкін. Алайда қазіргі таңда инвесторлар табыс көрсеткіштері мен нарықтағы динамиканың ең тиімді үйлесімін көрсететін компанияларға басымдық беруді жалғастыруда.

### Қор ағындары

Апта ішінде ең ірі қаражат ағындары АҚШ долларындағы ақша нарығы қорларына және технологиялық секторға бағытталды. Money Market USD қорларына таза ағын 34,2 млрд АҚШ долларын құрады. Ақпараттық технологиялар секторына инвестициялайтын қорларға 21,5 млрд доллар, Equity US Income қорларына 12,6 млрд доллар, Equity US Small & Mid Cap қорларына 8,7 млрд доллар және жаһандық акциялар қорларына 7,6 млрд доллар тартылды. Қомақты қаражаттың әкетілуі Money Market EUR қорларында (-10,9 млрд доллар), дамушы нарықтардың жаһандық акциялар қорларында (-1,9 млрд доллар), бағалы металл қорларында (-1,8 млрд доллар), еуропалық акциялар қорларында (-1,0 млрд доллар) және қытайлық акциялар қорларында (-0,7 млрд доллар) байқалды. Мұндай қаражат ағынының құрылымы инвесторлардың АҚШ долларындағы өтімділікке сұранысын, технологиялық секторға қызығушылығын және тәуекелі жоғары активтерге қатысты таңдамалы көзқарасын көрсетеді.

# Апта тақырыбы: қарқынды өсім көрсеткен акциялар сапалы компаниялардың акцияларынан озып келеді

## Осы аптада не маңызды

АҚШ-тағы РСЕ индексі бойынша деректер басты назарда болады, олар инфляцияның тұрақтылығын және ФРЖ-ның ұстанымының алдағы бағытын бағалау үшін маңызды. Сондай-ақ Қытайдың өнеркәсіптік пайдасы бойынша көрсеткіштері, іскерлік белсенділіктің алдын ала индекстері, ЖІӨ бойынша деректер және орталық банктерден келетін жаңа сигналдар да айрықша мәнге ие болады. Нарықтар үшін негізгі мәселе үш фактор арасындағы тепе-теңдік болып қала береді: компаниялар пайдасының тұрақтылығы, пайыздық мөлшерлемелердің деңгейі және мұнай бағасының одан арғы динамикасы.

## Қорытынды

Апта ФРЖ риторикасының өатаңдауына қарамастан, жаһандық қор индекстерінің басым бөлігінің өсуімен аяқталды. Нарықтарға мұнай бағасының төмендеуі, АҚШ-тағы тұтыну көрсеткіштерінің тұрақтылығы және технологиялық активтерге деген сұраныс қолдау көрсетті. Сонымен қатар инфляциялық тәуекелдер, макроэкономикалық ахуалдың біркелкі болмауы және кейбір өңірлердің арасындағы айырмашылықтар ағымдағы өсімнің сақтық сипатта екенін көрсетеді. Қысқамерзімді болашақта нарықтардың әрі қарайғы бағыты инфляция жөніндегі деректерге, ФРЖ сигналдарына, геосаяси жағдайға және нарықтағы көшбасшылықтың күшті компаниялардың шектеулі тобынан тыс кеңеюінің жалғасу-жалғаспауына байланысты болады.

Шолуды дайындаған: Әнуарбеков Алдияр



<https://www.bcc-invest.kz/>



<https://www.instagram.com/bcc.invest>



[https://t.me/bcc\\_invest](https://t.me/bcc_invest)



# Маңызды ақпарат

Бұл материал тек ақпарат беру мақсатында таратылады. Осы материалды тарату инвестициялық кеңес беру қызметі емес. Осы материалда келтірілген ақпарат жеке инвестициялық ұсыным емес.

Осы материалды алушы шешім қабылдау үшін ұсынылған ақпаратқа ғана сүйенбеуге тиіс. Есептеулерді, тарихи деректерді және осы материалда қамтылуы мүмкін өзге де ақпаратты «BCC Invest» АҚ қызметкерлері жария дереккөздерден алынған ақпарат пен деректердің негізінде дайындады. «BCC Invest» АҚ мұндай ақпараттың толықтығын, дәлдігін және анықтығын тексермейді және тексеруге міндетті емес.

«BCC Invest» АҚ ұсынатын кез келген ақпаратты клиент тек өз қалауымен пайдаланады және тәуекелін өзі көтереді. «BCC Invest» АҚ ұсынатын ақпарат қандай да бір бағалы қағазды сатып алу туралы ұсыныс және/немесе сату бойынша міндеттеме емес, мәміле жасасуға итермелемейді және инвестициялық, салық және заң мәселелері бойынша, оның ішінде жасалатын мәміленің клиенттің нақты мақсаттарына сәйкестігі туралы мәселе бойынша ақпарат алушыға ұсыным емес.

«BCC Invest» АҚ олар туралы ақпаратты ұсынатын бағалы қағаздармен, оның ішінде шетелдік бағалы қағаздармен, валютамен, базистік активтердің алуан түрлі туынды қаржы құралдарымен (бұдан әрі – «Қаржы құралдары») операция жүргізбес бұрын, осы ақпаратты алушылар аталған қаржы құралдарын сипаттайтын құжаттармен (эмиссия проспектісі және т.б.) танысуы қажет және қаржы құралдарымен мәміле жасасқанға дейін өзінің қаржы, заң, салық, бухгалтерлік есеп мәселелері жөніндегі кеңесшілерінен және өзге де кеңесшілерінен жан-жақты кеңес алуға тиіс.

Қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу белгілі бір тәуекелмен ұштасып жатыр, олар үшін жауапкершілік «BCC Invest» АҚ-қа жүктелуі мүмкін емес, өйткені олар тараптардың қисынды бақылауынан тыс және олардың осындай тәуекел салдарын болжау және алдын алу мүмкіндіктері шектеулі немесе мүмкін емес.

Клиент қаржы құралдарымен мәмілелер жасау мүмкіндігін өз бетінше бағалауға тиіс. Клиент, егер оның экономикалық және заңды мәні, құжаттамасы, шарттары мен онымен байланысты тәуекелдері түсініксіз болып қалса немесе ақпарат алушының мақсатына, ниетіне және күткен үмітіне сәйкес келмесе, мәміле жасаспауға тиіс. Қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу елеулі қаржылық және өзге де тәуекелді тудыруы мүмкін. Осы себептен бұл мәмілелер өзіне тиісті тәуекелді қабылдауға дайын және олармен байланысты ықтимал қаржылық шығынды көтере алатын адамдарға арналған. Кез келген мәмілені жасамас бұрын клиент тиісті мәмілені жасасуға байланысты туындайтын тәуекелді түсінетініне және кез келген оқиға өрбіген кезде өзіне қабылдаған міндеттемелерді орындау үшін қажетті қаржылық және өзге де ресурстары бар екеніне көз жеткізуі қажет.

Қаржы нарығында операция жүргізу туралы шешім қабылдаған кезде, қаржы құралдарына инвестициялау күтілетін кірісті алмау, инвестицияланған қаражаттың бір бөлігін, тіпті барлығын жоғалту, ықтимал шығыс пен шығын тәуекелін көтеретінін ескерген жөн.

Болжамды оң кірістілік туралы ақпарат тек болжам ретінде ғана бағалануы мүмкін. Инвестициялық қызметтің бұрынғы нәтижесі болашақтағы нәтижені айқындамайды, ал активтердің құны көтерілуі де, түсуі де мүмкін. Шетел валютасын айырбастау бағамының өзгеруі инвестиция құнының азаюына немесе ұлғаюына әкелуі мүмкін. «BCC Invest» АҚ ақпаратты пайдалану негізінде клиент алуы мүмкін қаржылық нәтижеге қатысты кепілдік бермейді немесе оны растамайды және қандай да бір жауапкершілікті өз мойнына алмайды.

Қазақстан Республикасының

Қаржы нарығын реттеу және

дамыту агенттігі.

Бағалы қағаздар нарығында

қызметті жүзеге асыруға берілген

10.07.2018 жылғы № 3.2.235/12 мемлекеттік лицензия.